

*Т.А. Бекбаева*¹, Б.М. Утеулиева², Г.С. Абдирайымова³*

¹*т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушы, Алматы, Қазақстан,
E-mail: t.a.bekbaeva@mail.ru*

²*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистр, оқытушы, Алматы, Қазақстан,
E-mail: uteuliyeva81@inbox.ru*

³*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Алматы, Қазақстан
E-mail: Sanat_baspasi@mail.ru*

1830-1850 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЯКӨЗ СЫРТҚЫ ОКРУГЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

XIX ғ. Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісінде саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық және қоныстанушыларды қоныстандыру істері қазақ даласында сыртқы округтарды ашу арқылы жүзеге асырылды. Қазақстанда округтардың ашылуы және қазақ даласының отарлануы кеңестік тарихнамада біржақты қарастырылды. Отандық тарихнамада Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісі бүгінгі көзқарас тұрғысынан толыққанды зерттеуді қажет етеді. Өйткені, Кеңес үкіметінің орнауына дейінгі Қазақстан тарихын зерттеу тарихтағы «ақтандақтар» бетін ашуға мүмкіндік береді. Мақалада 1830-1850 жж. Аякөз сыртқы округының ашылу тарихы мен әлеуметтік-экономикалық дамуы қарастырылды. Сонымен қатар, мақалада орта жүз қазақтарын бір орталықтан басқару ісін енгізу мақсатында ашылған сыртқы округтарға болыстар мен ауылдарды біріктіру жұмыстары орыс әкімшілігі тарапынан аса сақтықпен жүргізілгендігі баяндалады. Аякөз сыртқы округын ашу кезінде жергілікті қазақ сұлтандарының билікке таласушылығы орын алып, әр округтың территориялық бөлінісі қайта қаралып, нақтыланды. Бұл бір жағынан қазақ даласында округтардың ашылуына себеп болса, екінші жағынан Ресейдің қазақ даласын түбегейлі отарлауына жол ашты. Мақалада, Аякөз сыртқы округының ашылу тарихын зерделеуде, жергілікті қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығының көші-қон жолдары өзгеріске ұшырағандығы және Ресей мен Қытай мемлекеттері арасындағы сауда жолдарының қауіпсіздігі қазақ даласына қазақ әскерлерінің қоныстандырылуымен қамтамасыз етілгендігі талдауға алынды.

Мақалада, ҚР ОММ мұрағат құжаттары мен XIX ғасырда қазақ даласында болған саяхатшылардың естеліктеріндегі материалдары пайдаланылды. Аякөз сыртқы округының 1830-1850 жж. әлеуметтік-экономикалық даму тарихы арнайы ғылыми-зерттеу нысаны болған емес.

Кілт сөздер: округ, лазарет, генерал-губернатор, аға сұлтан, болыс, хандық билік, керуен сауда, станица, отарлау, айырбас сауда, империя.

*Т.А. Бекбаева*¹, Б.М. Утеулиева², Г.С. Абдирайымова³*

¹*к.и.н., Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
E-mail: t.a.bekbaeva@mail.ru*

²*старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан
E-mail: uteuliyeva81@inbox.ru*

³*Евразийский юридическая академия имени Д.А. Кунаева, г. Алматы, Казахстан
E-mail: Sanat_baspasi@mail.ru*

ИСТОРИЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЕ ВНЕШНЕГО АЯГУЗСКОГО ОКРУГА В 1830-1850 гг.

Аннотация

Политика колонизации Казахстана в процессе присоединения к России в XIX веке и переселения переселенцев в казахскую степь проводилась через открытие внешних округов в казахских степях. История радикальной колонизации казахской степи рассматривалась в советской историографии в одностороннем порядке. Объективная оценка истории открытия внешних округов в отечественной историографии еще требует полноценного изучения. Изучение истории Казахстана до обретения независимости с сегодняшней точки зрения позволяет вскрыть «белые пятна» в отечественной истории. В статье рассматривается история открытия и социально-экономического развития внешнего Аягузского округа в 1830-1850 гг. Администрация Российской империи к введению централизованного управления казахами Среднего жуза, объединению волостей и сел в открытые округа вел осторожную политику. Во время открытия внешнего Аягузского округа местные казахские султаны боролись за власть, и территориальное деление каждой волости и села было пересмотрено и уточнено заново. С одной стороны, это привело к открытию округов в казахских степях, с другой стороны к радикальной колонизации казахских степей Россией. В статье исследуется история открытия внешнего Аягузского округа, изменения традиционных маршрутов скотоводства и обеспечения безопасности торговых путей между Россией и Китаем с вводом казачьих войск.

В статье использованы архивные документы Центрального государственного архива республики Казахстан и материалы из воспоминаний путешественников, посетивших казахские степи в XIX веке. История социально-экономического развития внешнего Аягузского округа в 1830-1850 гг. не являлась объектом специального исследования.

Ключевые слова: округ, лазарет, генерал-губернатор, старший султан, волость, ханство, караванная торговля, станица, колонизация, бартер, империя.

*T.A. Bekbaeva*¹, B.M. Uteulieva², G.S. Abdirayimova³*

¹Ph.D., Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

E-mail: t.a.bekbaeva@mail.ru

²Senior Lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

E-mail: uteuliyeva81@inbox.ru

³Eurasian Law Academy named after D.A. Kunaeva, Almaty, Kazakhstan

E-mail: Sanat_baspasi@mail.ru

HISTORY OF THE SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE EXTERNAL AYAGUZ DISTRICT IN 1830-1850

Abstract

The policy of colonizing Kazakhstan in the process of joining Russia in the 19th century and resettlement of immigrants to the Kazakh steppe was carried out through the opening of external districts in the Kazakh steppe. The history of the radical colonization of the Kazakh steppe was considered unilaterally in Soviet historiography. An objective assessment of the history of the opening of external districts in Russian historiography still requires a full-fledged study. Studying the history of Kazakhstan before gaining independence from today's point of view allows to reveal the "blank spots" in the national history. The article examines the history of the discovery and socio-economic development of the external Ayaguz district in 1830-1850. The Russian administration pursued a cautious policy towards the introduction of centralized management of the Kazakhs of the Middle Zhuz, the unification of volosts and villages into open districts. During the opening of the outer Ayaguz district, local Kazakh sultans fought for power, and the territorial division of each district was revised and refined anew. On the one hand, this led to the opening of districts in the Kazakh steppes, on the other hand, to the radical colonization of the Kazakh steppes by Russia. The article examines the history of the opening of the external Ayaguz district, changes in the traditional routes of cattle breeding and ensuring the safety of trade routes between Russia and China with the introduction of Cossack troops.

The article uses archival documents of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan and materials from the memoirs of travelers who visited the Kazakh steppes in the 19th century. The history of the socio-economic development of the external Ayaguz district in 1830-1850. was not the object of special research.

Keywords: district, hospital, governor-general, senior sultan, bols, khanate, caravan trade, village, colonization, barter, empire.

Кіріспе. 1822 жылы М.М. Сперанскийдің «Сібір қазақтарын басқару туралы Жарғысының» қазақ даласына енгізілуі негізінде, орта жүз қазақтарын басқарудың жаңа әкімшілік түрі енді. Осы ережеге сәйкес Патшалық Ресей қазақ даласындағы хандық билікті біржолата жойып, саяси-әкімшілік басқару ісін орыс шенеунігі басқарған кеңестің қолына шоғырландыру мақсатын көздеді. Ресей империясы көздеген мақсатына жету үшін, ең алдымен орта жүз қазақтарын әкімшілік-саяси жағынан отарлай отырып, хандық биліктің орнына аға сұлтан сайланған аймақтық басқару жүйе енгізу еді. «Сібір қазақтарын басқару туралы Жарғы» енгізілгеннен кейін, орта жүз қазақтарының жерлері бірнеше әкімшілік территориялық бөлініске бөлінді.

XIX ғасырдың 30-50-ші жылдарында қазақ даласында ашылған сыртқы округтардың саяси-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық даму тарихы Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісінде ерекше орын алады. М.М. Сперанскийдің реформасы негізінде 1831 жылы негізі қаланған Аякөз сыртқы округының саяси-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық даму барысын зерттеу, Қазақстан тарихында Ресейдің қазақ даласын отарлау кезеңіндегі күңгірт қалған, әлі де болса өзінің қазіргі тарихи көзқарас тұрғысынан объективті бағасын алмаған тұстарын ашуға септігін тигізеді.

Мақсаты. Мақаланы жазуда авторлар Аякөз сыртқы округының орта жүз жерінде хандық билікті жою шараларын жүзеге асыру мақсатында ашылғандығын және сыртқы округтар ашу арқылы Ресей мемлекеті тарапынан қазақ жерін түбегейлі отарлау көзделгенін баяндауды мақсат етеді.

Материалдар мен әдістер. Мақалада ҚР ОММ құжаттары және XIX ғ. саяхатшылардың естеліктері мен 1917 жылға дейін жарық көрген авторлардың еңбектері пайдаланылды. Аякөз сыртқы округының 1830-1850 жж. әлеуметтік - экономикалық даму тарихы жекелеген еңбектерде арнайы ғылыми-зерттеу нысаны болған емес. Мақалада қолданылған методологиялық әдістер ғылыми принциптерге негізделген. Нақтылы фактілік материалдарды және мұрағаттық деректерді зерделеу, Отан тарихнамасында жарық көрген қалалар тарихына байланысты деректерді ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы талдау, жинақтау, жүйелеу, қорытындылау сияқты жалпыға бірдей негізде орындалды.

Нәтижелерді талқылау. 1831 жылы ашылған Аякөз сыртқы округы Ресей мемлекетінің Қазақстандағы стратегиялық тұрғыда мықты бекіген тірек пункттерінің бірі болғандығы И.И. Крафт, Н.И. Красовский, М.И. Венюков, Н.Н. Балкашин, Н.Я. Коншиннің [1] еңбектерінде айтылған. Аякөз сыртқы округы XIX ғ. алғаш рет қала ретінде М. Путинцев, А. Янушкевич, О. Финш және А. Брем [2] сияқты саяхатшылардың естеліктерінде сипатталған. 1846 жылы Қазақ даласындағы генерал-майор Н.Ф. Вишневскийдің экспедициясы құрамында болған А. Янушкевич: «Қытай қаласы Шәуешекпен сауда байланысында Құлжаға баратын жол үстінде жатқан қауіпсіз Аякөз, бүгін Европада белгісіз болғанымен, кейін Сібір шекарасында алдыңғы қатарға өтеді» деп, жазды. Шынымен-ақ, Аякөз округының Ресей мен Қытай елдері арасындағы сауда байланысының дамуында алған орны мен атқарған қызметінің мазызы зор.

Жағрафиялық орналасуы жағынан Аякөз сыртқы округы Қытай мемлекетімен шектескендігі П.П. Румянцевтың [3] еңбегінде жазылған. Аякөз округына Қытай елі тарапынан келген керуендер саудасы туралы Г. Колмогоровтың [4] еңбегінде деректер келтірілгенімен, Аякөз сыртқы округының ашылу тарихы қарастырылмаған.

Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісіндегі М.М. Сперанскийдің реформасының маңыздылығы туралы шетел ғалымдары Д.Кристиан [5] мен М. Раефф [6] жазған. Осы кезеңді зерттеген тарихшы-ғалымдар Ж.Қ.Қасымбаев, М.С. Мәшімбаев, В.З. Галиев, М.С. Мұқановтың еңбектерінде Қазақстанда ашылған сыртқы округтар Ресейдің отарлау саясаты негізінде жүзеге асырылғандығы айтылған. Жалпы, жекелеген зерттеулерде Аякөз қаласының құрылу алғышарттары мен бастапқы даму тарихына байланысты мәліметтер өте аз, бұл Аякөз қаласының тарихы дербес зерттеу нысаны болмағандығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижесі. 1831 жылы іргесі қаланған Аякөз сыртқы округының Семей облысының Шәуешек керуен жолы бойында орналасқандығы сол кезеңде Ресейдің Қазақстан, Қытай және Орта Азия хандықтарымен сауда байланысының дамуына зор үлесін қосты. Аякөз округының ашылуы Қазақстан, Ресей және Қытай мемлекеттері арасында сауда байланысының дамуына үлкен әсерін тигізді.

Аякөз сыртқы округы «Сібір қырғыздарын басқару туралы Жарғының» қазақ даласына енгізілуі нәтижесінде ашылды. М.М. Сперанскийдің реформасы Ресей империясы үшін озық, әрі тиімді реформалардың бірі болды. бұл туралы Д. Кристиан өзінің мақаласында: «М.М. Сперанский өз реформасында әкімшілік басқарудың жобасын жасады, бұл жоба Ресейдің саяси реформаларының ең әсерлі бағдарламасы болып саналды» деп, жазды. Сол сияқты М. Раефф: «М.М. Сперанский Империялық Ресейде болған ең көрнекті мемлекет қайраткері. Оның қызметі әр түрлі салаларда аз

белгілі болғанымен, тікелей Сібірдегі саяси және әкімшілік жұмысымен байланысты болды» деген тұжырым жасайды.

Аякөз сыртқы округының ашылуы туралы туралы П.П.Румянцев: «1830 жылы Жоғарғы үкіметтің бұйрығы бойынша, 1831 жылы Аякөз сыртқы округының ашылуы, келешекте Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аудандарында станицалар мен округтар ашуға жол ашты» – деп жазды.

Шығыс Қазақстан қалаларының даму тарихын зерттеген Ж.Қ. Қасымбаев [7] өз еңбектерінде, Ақмола, Семей, Өскемен және Павлодар қала орталықтары мен ондағы сыртқы округтардың ашылуы Ресей империясы өзінің оңтүстік-шығыс шекараларындағы қорғанысын күшейту барысында ашқаны туралы айтады. Автордың еңбектерінде, сыртқы округтардың алғашқы кезде әскери мақсатта қызмет атқарғанымен, кейіннен даму нәтижесінде Қазақстан мен Ресей арасындағы сауданы байланыстыратын сауда орталықтарына айналғандығын ашып көрсетілген.

Ж.Қ. Қасымбаевтың Аякөз округындағы Барақ сұлтанның өмірбаяны туралы жазған еңбегінде, сол елді-мекеннің әкімшілік құрылымындағы басқару ісі баяндалған. Автордың қалалар тарихына арналған зерттеулерінде, XVIII-XIX ғасырдағы қазақтардың саяси-әкімшілік құрылымындағы қайшылықтар нақты мұрағат құжаттарымен берілген. Аталған кезеңде, өзінің сыртқы саудасын дамытуды көздеген Патшалық Ресейге Еуропа және Азия елдеріне тереңірек үнілу қажет болды. Орыстың мемлекет қайраткерлері мұны жақсы түсінді және келешекте Ресей үшін, Каспий теңізінен Батыс Қытай және Қоқанға дейінгі үлкен аралықтағы қазақ даласына қайткенде де өз билігін орнату басты мақсат болды.

XIX ғасырдың өн бойында Патшалық Ресейдің қазақ даласында жүргізген отарлау саясаты туралы жазған М.С. Мәшімбаевтың [8] еңбектерінде қоныстанушыларды қазақ жеріне қоныстандырудың мақсаты ашық айтылған. Автордың зерттеулерінде, Патшалық Ресейдің қазақ даласына бір орталықтан басқару жүйені енгізуде сыртқы округтардың атқарған қызметі туралы деректер берілген. Ресейдің қазақ жерінде отарлау саясатын жүргізуді үш кезеңге бөліп қарастырған тарихшы Мәшімбаев С.М.: «Ресей Империясы қазақ даласын әскери отарлау арқылы жергілікті халықты шұрайлы қонысынан қуып, сыртқы округтар ашып, ол жерлерге орыс-казак отаршыларын орналастырып, қазақ даласын отарлау саясатын жүзеге асырды» деп, жазды. Автор казак әскерлерін орналастыру үшін жеке қоныстар ашуда сыртқы округтардың жанында әскери станицалар немесе форпостар ашылғандығы туралы айтады. Аякөз сыртқы округы ашылғаннан кейін, оның жанында Сергиополь станицасының ашылуының мақсаты осында еді.

Тарихшы-ғалым В.З. Галиевтің [9] еңбектерінде XIX ғ. Қазақстанға жер аударылғандар уақыт өте келіп, қазақ халқының саяси-қоғамдық өміріне араласқандығы туралы көптеген деректер берілген. Автор аталған уақытта қазақ халқы арасында дәрігерлердің жетіспеушілігінен, саяси қуғынға ұшыраған дәрігерлер жергілікті жерлерде халыққа қызмет көрсеткендігі, олардың Аякөз ауруханасында және казак әскерлеріне арналған лазареттерде қызмет атқарғандығын жазған. Сондай-ақ, автор Ресейден Қазақстанға келген ғылыми-зерттеу экспедициялары «Сібір қазақтарын басқару туралы жарғы» қазақтарға тыныштық пен үйлесімді өмір әкелетіндігін уәде ете отырып, келешекте қазақтардың арасында жауластықты, ұрлықты болдырмайтындығы туралы үгіт-насихат жүргізгендігі туралы жазған [10]. Көп ұзамай, сыртқы округтарды ашу мақсатында Батыс Сібірдің Омбы қаласында мемлекеттік мекемелер салу көзделген.

1828 жылдың 23 тамызында жасалған санаққа байланысты Батыс-Сібір генерал-губернаторы қазақ даласында жаңа жерлерде сыртқы округтар ашуды және линияға жақын көшіп-қонып жүрген қазақ болыстықтарына жаңа басқару жүйені енгізуді қарастырды. Осы кезеңде Омбы шенеунігінен Батыс Сібір генерал-губернаторына орта жүзде Аргынск сыртқы округын ашуға бөлінген қаражатты Орынбор және Омбы облыстары арасын бөлудегі шекаралық шек қою жұмыстарына жұмсау қажеттігі айтылған. Өйткені Аргынск сыртқы округы ашылған жағдайда, оған қарасты болыстар Орынбор губерниясына қаратылу керек болады және Аргын рулары мекенінде округ ашу Орынбор губернаторының қатысуымен болып отырғаны анықталып, Аргынск сыртқы округын ашу кейінге қалдырылған [11]. Осы Аргынск округын ашу көзделген жерде кейіннен Аякөз сыртқы округы ашылады. Сыртқы округтар 1822 жылы 22 шілдеде шыққан “Жарғы” бойынша құрылды [12]. Бұл ереже, бір жағынан Сібір қазақтарының сауда-экономикалық қарым-қатынасының дамуына жағдай жасады. Аякөз сыртқы округы мен форпосттарда және басқа тұрғылықтарда саудамен айналысу құқығы тек қазақтарға ғана емес, линияға жақын көшіп-қонып жүрген басқа ұлттар мен шаруаларға да берілді [13].

Патша үкіметі ендігі жерде осы ашылып жатқан округтарды басқаратын қазақ сұлтандарын өздері тағайындау үшін, ұлы жүз бен орта жүздегі қазақтардың бұрынғы ата-тегін анықтау қажет деп, шешті. Сол себепті, шығыс жазығы мен Омбыда тұрып жатқан қазақ сұлтандарының ата-тегі туралы

мәліметтер жинауды, оның ішінде әсіресе, Әбілмәмет, Абылай, Бөкей хандарының ұрпақтарының тізімін жасау, ол мәліметтерді Батыстағы қазақтардың сипаттамасымен салыстыруды Көкшетау Округтық Приказы сұлтанына тапсырылады. Ішкі Семей округынан, Омбыдан шығыс жазықтарына дейінгі аралықтағы ұлы жүз бен орта жүз болыстарын тексеру жұмыстары Семей округының шенеунігіне жүктеледі. Ондағы ауызша жиналған мағлұматтарда тірі адамға А деген, өлгендерге П деген әріп қойылып белгіленді [14]. Патша үкіметінің ондағы мақсаты, бірнеше ғасырлар бойы қазақ халқының саяси-әкімшілік бірлігін ұстап тұрған хандық биліктің басқару ісіндегі ерекшелікті түсіну еді. Қазақтардың шығу тегімен таныса келіп, патша үкіметі хандық биліктің басқару үлгісін білгісі келді.

Омбы және Семей облыс әкімшілігінің мәжілісінде орыс шенеуніктерінен басқа өз халқының өкілі ретінде мүше болып, бір қазақ сұлтаны қатысқан. Семей облысы құрамында Округтық Приказға бағынатын 5 округ болды: Ішкі, Аякөз, Көкпекті, Қапал және Алатау округы.

1830 жылы 19 қазандағы Сібір Комитетінің Омбы облысында Аякөз сыртқы Округтық Приказын ашу туралы нұсқау қабылданады. Осы отырыста Батыс Сібір генерал-губернаторы 1831 жылдың 1 маусымында Аякөз округында Жоғарғы Үкімет шешімімен №4870 бұйрық бойынша Округтық Приказ ашуға үкім шығарады [15].

Қазақ жерінде алғаш округтардың ашылуына қазақ руларының өзара жерге билік етуге таласушылығы да себеп болды. Мұндай дау мәселесін шешуге көмек бергендей болған Патша әкімшілігі осы кезде қазақтардың округ ашуына келісім бергенін ұтымды пайдаланды. Өздерінің жайылымдық жерлерін сақтап қалу үшін, қазақтар патша өкіметіне округ ашуға келісім берумен қатар олардан қазақ жерінде округ ашуын өтінді. Қазақтардың орыс бодандығын мойындауында округтарға жерлердің біріктірілуі кезінде болыс сұлтандары арасында билікке таласушылық орын алды. Осындай ерекше күшті және ұзақ күрес найман болыстықтары арасындағы екі ықпалды сұлтан Сыбанқұл Ханходжин (Барак ханның немересі) мен Сарт Жошин (Сыбанқұлдың туыс ағайыны) арасындағы күрес болды.

Қазақ сұлтандары арасындағы билікке таласу күрестері нәтижесінде Аякөз сыртқы округы және кейіннен Көкпекті округы ашылады. Аякөз округын ашуда Сібір әкімшілігі өз қолдауын Сарт Жошинге береді. Аталған кезеңде, Батыс Сібір генерал-губернаторы Вельмятовтен сұлтан Сарт Аякөз бойында округ ашуға рұқсат беруін өтінігенінде, Аякөз округы жерлерінің Сібірдің Қытай жері мен қалаларына тура сауда жолында жатқандығы көзделген еді [16].

Жоғарғы үкімет басқармасына Омбы облысында Аякөз сыртқы округын ашу маңызды және тиімді екені хабарланып, 1831 жылдың 9 тамызында Сібір Комитетінің рұқсатымен және патша үкіметінің қадағалауымен Аякөз сыртқы округын ашу бекітілді. Сібір қазақтары басқармасынан Аякөз сыртқы округын ашуға, онда мемлекеттік мекемелер салуға және ол жердегі казак әскерлерінің төтенше жағдайына арналып, қомақты қаражат бөлінеді. Негізінен Аякөз сыртқы округын ашуға бөлінген қаражат тағы бір немесе екі сыртқы округ ашуға жетуге тиіс деп қарастырылды. Аякөз сыртқы округының ашылуына байланысты осы округ қазақтарының қай жерлерде орналасқандары жайлы және бұл округты ашуға қашан рұқсат берілгені туралы толық мәлімет патша үкіметінің қарастыруына беріледі.

1832 жылдың 14 мамырында Патша үкіметінің қадағалауымен Аякөз сыртқы Округының Приказында тексеру жұмыстары жүргізіледі. Осы тексеру барысында, 1831 жылы округты ашу кезінде іске асырылған жұмыстар туралы тізімнің барлығынан сыртқы құпия істердің көшірмесінің алынғаны және округ қазақтарының барлық ісі билердің қатысуымен шешілгендігі тексеріледі [17]. 1831 жылы ашылған Аякөз сыртқы округы Аякөз өзенінің оң жағынан майор Нуклеовтың жетекшілігімен салынған округ. Бұл округқа осы өзеннің аты беріледі. Алғашында Шәуешек керуен жолының бойында орналасқан бекіністің айналасы ормен қазылып қоршалады. Оның жанына жалпы сақтық үшін әскери гарнизон орналастырылып, бекініс ішінен 500 адамға арналған қорғаныс казармасы салынады, оның екеуі ағаштан, қалғандары саман кірпіштен тұрғызылған. Бұдан басқа 16 адамға арналған лазарет, азық-түлік дүкені, саман кірпіштен офицерлер үйі мен күйдірілген кірпіштен шіркеу салынған [18]. Казак әскерлеріне арналып 1831 жылы Аякөз өзенінің бойында салынған ағаш үйлерге 200 казак әскерлері орналастырылады. Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының қадағалауымен жалпы сақтық үшін Қарқаралы, Көкшетау, Аякөз сыртқы округтарына қосымша 100 казак әскерлері жанұяларымен бірге қоныстандырылады. Аякөз сыртқы округының Сібір орталықтарынан алшақ және Қытаймен шекаралық шекте орналасқандығы Сібір әкімшілігін бұл жерлердегі бекіністерде билікті ерекше сақтықпен жүргізуді талап етті. Осы мақсатта Аякөз сыртқы округының құрамына енгізілген болыстары түгелдей орналасып біріктірілмейінше, жергілікті қазақтар үй басы салығынан да босатылады [16;58-61б.].

1832 жылы Аякөз округы ашылғаннан кейін, Сібір шебінің әскери басқармасы бұл округқа қоныстанушыларға көптеген жеңілдіктер берілетіні туралы хабарлайды және 1847 жылы Аякөз сыртқы округына күштеп Сібір казак әскерлері қоныстандырылады. Осы кезде Аякөз округы құрамында 18 болыс найман руынан, 6 болыс керей руынан және 2 болыс уақ тайпасынан болған. Наймандар болысын матай, қыршын, мұрын, қыржы, семізнайман, садыр-тума, бұланшы, қаптаған және тағы басқа рулар мен ортақ бір қаракерейден тарайтын қауымдар жайлаған. Керейлерден сыбан, ақымбет, әжі рулары, ал уақ руынан – сарымнан және шоға рулары енген.

Аякөз сыртқы округы осы кезде: оңтүстікте – Тарбағатай мен Сауыр жоталарына дейін, оңтүстік-батыста – Лепсі өзені мен Балхаштың оңтүстік-шығыс жоталарына дейін. Солтүстікте – Шыңғыс тауының оңтүстік-шығыс тармақтары мен одан әрі Зайсан қазаншұңқырының оңтүстік бөліктерін. Шығыста – Сауыр жоталары мен Кендірілік өзенінің алқабына дейін. Батыста Шыңғыс тауларынан бастап Аякөз өзенінің бойымен Балқаш көлінің солтүстік-шығыс жағалауларына дейінгі [13; 20 б.] жерлерді қамтыған еді.

1833 жылдың 23 желтоқсанында Омбы облысы басқармасының бұйрығына сәйкес, Аякөз округы ереже бойынша 20 болыстан, әр болыс 660 үй басынан қайта құрылды. Болыстарды және ауыл басыларын сайлау үшін Сібір әкімшілігіне жергілікті округ қазақтарынан мәліметтер жинау керек болды. Округ қазақтарының жазғы және қысқы жайлауларының көшіп-қонатын жерлері туралы мәлімет жинау Аякөз шенеунігінің орынбасары Герасимовке жүктелген. Осы болыстарды округқа біріктіру жұмыстарын іске асыру барысында, Аякөз округының Матай, Қыржы, Назар, Үшмұрын болыстарына 1834 жылы 19 мамырда Жоғарғы үкімет келісімімен болыстыққа Әбілхайыр сұлтанның ұлы ұсынылғандығы анықталады [19].

1834 жылдары Күшік-Тобықлы болысы болған сұлтан Пиралы Таков Қарқаралы округындағы туыс-руларымен бірге қалу үшін, өзіне жақын жатқан Аякөз округы құрамына бірігуге келіспеді. Бірақ бұл болыстың жаздық және қысқы жайылымдықтары Аякөз округы жеріне жақын орналасқан. Күшік-Тобықлы болысы Қарқаралы округының орталығынан 300 шақырымдай алыс Шыңғыс тауы жоталарының маңында еді. 1835 жылы Қарқаралының Округтық Приказы сұлтан Пиралыны орнынан алып, сұлтан Сартай Арыковты болыс қылып сайлайды. Жаңа сұлтанның келуінен Күшік-Тобықлы болысы Аякөз округы құрамына енгізіледі [20].

1835 жылы 10 желтоқсанда Батыс Сібір генерал-губернаторы Аякөз сыртқы округы болыстарының орналасуын және ондағы адам санағы мен мал басы санын анықтауға бұйрық береді. Осы мақсатта Аякөздегі жұмыстардың іске асырылуын қадағалауға бір жылдық әскери қызметке Сібір казак әскери басқармасының таңдауы бойынша 80 казак, урядниктер мен офицерлер жіберіледі. Олар округ қазақтарын сыртқы жаулардан қорғап, Қытай шекарасына өтіп кету үгітшілігінен сақтап, округ адамдарын ауыр қылмыс жасаған жағдайда дәлелімен заң орнына беріп, сап басы қазақтардың өзара ру аралық шешімдеріне араласпау қатаң сақталды [19;12 п.].

Қазақ даласында керуендерді тонаушылық, шекаралық шепте орналасқан Аякөз, Қарқаралы, Ақмола, Аман-Қарағай, Көкшетау округтарында кең етек алған. Мысалға, 1833-1835 жылдары аталған аймақтарда 50 керуен тоналған. 1839 жылы 25 қазанда Аякөз бекінісін қаруландыру қолға алынып, алғашқы 6 фундтық пушка, 6 бекітілген қаруларымен әкелінеді. Бұл қаруды қолдануда арнайы 7-ші полктің үш артиллеристі шақырылды [16;62,98 б.]. Осыдан кейін, орта жүз қазақтары территориясында күшті қаруландырылған және казак әскерлері саны жағынан ең көп қоныстанған осы Аякөз бекінісі болды. Осы жерде Сергиополь станицасының ашылуы, келешекте ұлы жүз қазақтары жерлерін отарлау мақсатында Ресей Империясы үшін өте ыңғайлы болды. Казак әскерлері осы Сергиополь станицасынан оңтүстік аймақтарға аттанып, Қапал бекінісін құрылып, казак әскерлері әрі қарай жылжыды.

Орынбор губерниясындағы қазақтардың тыныштығын жиі бұзып, шапқыншылық жасау үстінде болған Хиуалықтарға қарсы тұруға Ресей әкімшілігі қазақ жерлеріндегі бекіністерін күшейтуге, 1839 жылы Перовский бастаған казак әскерін жібереді. Мұндай әскери қауіпсіздендіру жұмыстары қазақ даласындағы әскери бекіністерінің әлсіздігінен сәтсіздікке ұшырайды. Бұл жағдай 1846 жылдары Сібір даласындағы Ұлытау, Ақтау, Қарқаралы, Аякөз, Қапал бекіністері жолдарының экономикалық жағынан және стратегиялық мағынада мықты болып бекуіне себеп болады. Осы жылы олар келешектегі Жетісу әскерінің солтүстіктегі, ең шеткі Аякөз округында Сергиополь станицасын құрды. 1847 жылы Аякөзге 9-полк Сібір казак әскерінің 50 жанұясы қоныстандырылады [21]. 1848 жылы Сергиополь станицасы ашылғаннан кейін, ондағы тұрғындардың адам басы санағы мен жерінің көлемі мөлшермен: 258 үй басы, ондағы ерлер 867, әйелдер 729, қолайлы жер 40138, қолайсыз жер 942861 десятинаны құраған.

Қазақ даласында орыс қоныстары пайда болғанға дейін өнеркәсіп, кен, сауда салалары төменгі сатыда дамыған еді. Осы бір мал шаруашылығы негізінде қалыптасқан қазақ байлары басқалардың күн көрістеріне өз септіктерін тигізіп отырған. Аякөз, Көкпекті және тағы да басқа бекіністер мен округтардың географиялық орналасуы қазақ әскерлерінің қоныстануына өте ыңғайлы болды. Бұл кезде қазақ байлары өздеріне киім тігуді төмен санап, тігіншілер ұстаған. Қазақтар арасында кедейлер ғана жалға киім тіккен. Олар түлкі терісінен тіккен тон үшін 2-4-ке дейін қой алған. Аякөз, Көкпекті, Қапал бекіністеріне қоныстанған қазақтар алғаш қоныстанағн күндерінен бастап-ақ, ауқатты қазақ байларымен танысып, олардан киім-кешек тігуге керекті шикізат алып, олардың тігіншілерін арзанға пайдаланғылары келді. Аякөз округына қоныстандырылған қазақ әскерлері әсіресе, өздерінің қажеттіктері үшін 80 шақырым жердегі Алакөлде балық аулаумен де айналысқан [9;3,5,8 б.].

Сібір ведомствасындағы қазақтар жерінде бұрыннан тұрып келе жатқан Орта Азиялық, Бұқара, Тәшкен, Қоқандықтардан туған қазақ әйелдерінің балалары “шалақазақтар” деп аталған. Генерал-Адъютант Анненковтың ескертуі бойынша бұл “шалақазақтар” бір жыл ішінде Ресей бодандығына немесе 1-гильдиялық көпестер құрамына еңбесе, сауда қатынасымен келіп жатқан азиаттықтармен бірге өз елдеріне қайтарылуы керек деп ұйғарылды. Оларды тізімге алу, келешекте округтық Приказда ішкі және сыртқы сауданың дамуында пайдалы болып қалар деп, қарастырылды [22]. Осы Аякөз уезі жерінде болған саяхатшылар О.Финш және А. Брем өз естеліктерінде, Сергиополь станицасында «жатақ» атанған әлеуметтік таптың кедейленген тобы туралы жазған [2; 111, 113 б.]. Аякөз, Қапал, Көкпекті қалаларын-дағы ерікті жағдайдағы азиат тегінен шыққандарға, яғни «шалақазақтарға» және қазақтар келешекте осы қалаларда тұру үшін, мешан, көпес, қолөнершілер құрамына жазылуы тиіс болды. Осы қалаларда тұруға келіскендер гильдиялық салықтан және қазыналық салықтан 10 жылға дейін босатылып, тізімге алынғаннан кейін, осы жерлерде тұра алған. Егер олар бұл жерлерде тұрмаған жағдайда, барлық жеңілдіктен айырылатын болған [23].

1851 жылы 23 қарашада Сібір басқармасы қазақ даласындағы әр ауылдан фельдшерлік оқуға екі бозбала қан алумен, ине егуге үйретілсін деген үкім шығарады. Аякөз округының халқына бұл жаңалық болды. Осы округтың Кенже-Каптағай, Матай болыстығындағы қазақтар бұл салаға балаларын бермей, аға сұлтанмен ақылдасып, басқа болыстықтармен кеңесетіндерін айтты. 1852 жылы 1 қазанда жасы 7-ден 20 жас аралығындағы балаларды оқуға шақыру үшін орыс әкімшілігінен округтық Приказдарға кітаптар жіберіледі. Осыдан кейін 1853 жылы Аякөз округының халқы балаларын бұл салаға оқуға беруге және оған қаражатты өз мойындарына алатындарын хабарлаған [24]. Сібір басқармасы қала статусын алған Аякөз халқының жағдайын, оның территориялық орналасуын, ондағы жол қатынасын жөндеуді қолға алды. Нәтижесінде, 1852 жылдың 29 мамырында Аякөз округында екі аурухана ашуға мемлекеттік қазынадан 2838 рубль 68 коп. күміспен бөлінді. Әр ауруханада 20 адамдық орын болды. Енді оны ыдыспен, жиһазбен, киіммен, жастық, көрпемен жабдықтау үшін және медициналық құрал-саймандарға, дәрі-дәрмекке орта есеппен 2836 рубль қаражат қосымша бөлінді. Бұл ауруханалардағы аурулардың тамағы, жарығы, жылу жүйесі және басқа да қажеттігі үшін бір жылдық шығыс орта есеппен 2555 рубль деп есептелді [25]. Аякөз округына жақын орналасқан шекаралық басқармадағы қазақ әскерлері қысқы уақыттарда сырқаттанып қалған жағдайда, оларды Сергиополь лазаретіне жеткізу үшін, Сергиополь-Үржар аралығындағы әр бекетте қазақтардан алынған мемлекеттік екі жылқы міндетті түрде болды. 1841 жылы 8 желтоқсанда Сібір Шекаралық басқармасына берген Шаруашылық бөлімнің есебінде Аякөз округындағы 28 қазақ болыстығында 2. 841 ауыл және онда 17. 762 үй басы бар [26] деп, көрсетілген.

Қорытынды. XIX ғасырдың 30-шы жылдары Патшалық Ресейдің Аякөз сыртқы округын ашудың басты мақсаты орта жүз жерінде хандық билікті түбегейлі жойып, бір орталықтан басқару жүйесін енгізуде орыс шенеуніктерін сайлап, өз үстемдігін орнату болды. XIX ғасырдың 30-50 жылдарында орта жүз қазақтары территориясында басталған сыртқы округтарды ашу жұмыстары жалпылама 1838 жылы Ақмола және Семей облыстарының Батыс Сібір генерал-губернаторлығы құрамына енуімен аяқталған еді. 1831 жылы Аякөз сыртқы округы ашылғаннан кейін, округқа қазақ болыстықтарын біріктіру жұмыстары өте баяу іске асырылып, округ халқынан 1849 жылы ғана ясақ салығы толық алына бастады және 1950-ші жылдары орта жүзде М.Сперанскийдің «Сібір қазақтарын басқару туралы Жарғысы» толығымен жүзеге асырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Крафт И.И. Положение об управлении в Степных областях. Оренбург. Типо-литогр. П.И. Жаринова. 1898. – 685 с.; Красовский Н. И. Область Сибирских киргизов. ч.1. 1868. – 428 с.; Венюков М.И. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. вып.2. 1873-1876.-487с.; Балкашин

- Н.Н. О киргизах и вообще о подвластных России мусульманах. Спб., типогр. МВД. 1887. – 57 с.; Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края. Семипалатинск. Семгубиздат., 1928. – 38 с.
2. Путинцев М. Из путевых заметок. Из Семипалатинска до Сергиополя. – Павлоград. 1865 г. – 386 с.; Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. А.: Жалын, 1979.-268 б.; Фини О., Брем А. Путешествие в Западную Сибирь. – М., 1882. – 572 с.
 3. Румянцев П. П. Уезды Жетысу. – А.:Жалын баспасы.2000. – С.40
 4. Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства. Вестник РГО, 1855. – 38с.
 5. Кристиан Д. Политические идеалы М. Сперанского. //Славянское и восточноевропейское обозрение. Ассоциация современных исследований. Нью-Йорк. Том 54, №2. 1976. – С. 192-213
 6. Раефф М. Философские воззрения графа М.М. Сперанского //Славянское и восточноевропейское обозрение. Ассоциация современных исследований. Нью-Йорк. Том 31, №77. 1953. – С. 437-451
 7. Қасымбаев Ж.Қ. Поднадежную Защиту России.А.: Қ-н.1986.-134с.; Он же. Города Восточного Казахстана 1861-1917 гг. А.: Ғылым, 1990. – 180с.
 8. Словцов П.А. Историческое обозрение Сибири. – С.-Петербург. 1844. – С.2.
 9. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – А.: Санат,1994.-135 б.; Осы автор. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы. – А.: Қазақ Университеті, 2000. – 323 б.
 10. Галиев В. З. Караванные тропы. – А.: Ата-мұра, 1994, - 121с.; Он же. Библиотека дореволюционного Семиречья. – А.: Нац. библ. РК. 2003. – 270 с.; Он же. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане. – А.: Казахстан. 1982. – 158 с.
 11. ҚР ОММ қор 4, тізбе 1, іс 272, парақ 4, 8, 9
 12. РФ ООММ қор 3, тізбе 1, іс 568, парақ 3, 10, 33, 56-59, 85-89, 316-317
 13. Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. – А.:Қазақстан. 1994. – 24 б.
 14. Қасымбаев Ж.Қ. Казахстан – Китай:Караванная торговля в XIX-нач. XX веков. – А., Өлке. 1996. – С. 29
 15. ҚР ОММ қор 338, тізбе 1, іс 480, парақ 1, 2, 6, 10.
 16. Полное собрание Законов Российской Империй. С. – Петербург. том 6, собр. 2, 1832. – С.138.
 17. Леденев Н. История Семиреченского казачьего войска. Верный. 1908. – С. 39.
 18. ҚР ОММ қор 338, тізбе 1, іс 707, парақ 3, 5-7.
 19. ҚР ОММ. қор 374, тізбе 1, іс 3043, парақ 15-16, 71. Қор 15, тізбе 1, іс 61, парақ 13.
 20. ҚР ОММ қор 338, тізбе 1, іс 573, парақ 10, 12, 40.
 21. ҚР ОММ қор 374, т. 1, іс 816, п. 2, 3.
 22. Алексеев Н. В. Население дореволюционного Казахстана. – А.: Наука. 1981. – С. 63.
 23. РФ ООММ. қор 3, тізбе 2, іс 3314, парақ 26.
 24. ҚР ОММ қор 345, тізбе 1, іс 306, парақ 8, 36.
 25. РФ ООММ. қор 3, тізбе 3, іс 3874, парақ 22.
 26. ҚР ОММ қор 15, тізбе 1, іс 189, парақ 4.

Reference:

1. Kraft I. I. Polojenie ob upravlenii v Stepnyh oblastyah. Tipo-litogr. P. I. Zharinova. 1898.-685 p.; Krasovski N. I. Oblast Sibirskih kirgizov. ч.1.1868.-428 p.; Venukov M. I. Opyt voennogo obozreniya russkih granic v Azii. вып. 2. 1873-1876.-487p.; Balkashin N. N. O kyrgyzah i voobshe o podvlastnyh Russia musulmanah. Spb., tipogr. MVD. 1887-57p.; Konshin N.Ya. A brief historical outline Semipalatinskogo kraja. Semipalatinsk. Semgubizdat., 1928. – 38p.
2. Putincev M. Iz putevyh zametok . Iz Semipalatinska do Seviopolya. Pavlograd. 1865y.-386p.; Yanushkevich A. Kundelikter men hattar. A.: Jalyn, 1979.-268p.; Finsh O., Brem A. Puteshestvie v Zapadnyuyu Sibir. M., 1882. – 572p.
3. Rumyanцев P. P. Uezdy Jetisu. A.:Jalyn baspasy.2000.- C.40
4. Kolmogorov G. O. promishlennosti I trgovle v kirgizskih stepyah Sibirskogo vedomstva. Vestnik RGO, 1855. – 38p.
5. Christian David Politicheskie idealy M. Speranskogo. //Slavyanskoe I vostochnoeuropeiskoe obozrenie. Associaciya sovremennyh issledovani. New York. Tom 54, №2. 1976. – S. 192-213

6. Mark Raefe *Phylosovskie vozzreniya graffa M.M. Speranskogo //Slavyanskoe I vostochnoevropeiskoe obozrenie. Associaciya sovremennyh issledovaniy. New York. Tom 31, №77. 1953. – S. 437-451*
7. Qasymbaev J. Q. *Podnadejnuyu Zachity Russia. A.: Kazakhstan.1986.-134 p.; On je. Goroda Vostochnogo Kazakhstana 1861-1917 z. A.: Galym, 1990. – 180 p.*
8. Slovcov P. A. *Istoricheskoe obozreniya Sibira. S.-Peterburg. 1844. -C. 2.*
9. Maeshimbaev S.M. *Patshalyq Resseidin otarlyq sayasaty. A.: Sanat,1994.-135 p.; Osy avtor. Patshalyq Resseiding Qazaqstandage memlekettik basqaru mekemelirining tarihy. A.: qazaq Universiteti, 2000.-323 p.*
10. Galiyev V. Z. *Karavannye tropy. A.: Ata-mura, 1994, - 121p.; On je. Bibleoteka do revoliucionnogo Semirechiya. A.: Nac. Bibleo.. RK. 2003. – 270p.; On je. Medinciskaya deyatelnost ssylnyh revoliucionerov v Kazakhstane. A.: Kazakhstan. 1982. – 158p.*
11. *QROMM qor 4, tizbe 1, ic 272, paraq 4, 8, 9*
12. *RF OOMM qor 3, tizbe 1, ic 568, paraq 3, 10, 33, 56-59, 85-89, 316-317*
13. *Muqanov M. S. Qazaq jerining tarihy. A.:Qazaqstan. 1994.- 24 p.*
14. *Qasymayev J. Q. Kazakhstan-China:Karavannaya torgovlya v XIX- XX v. A., Olke. 1996. - C. 29*
15. *QR OMM qor 338, tizbe 1, ic 480, paraq 1, 2, 6, 10.*
16. *Polnoe sobranie Zakonov Russiskoi imperii. C. – Peterburg. tom 6, sobr. 2, 1832. - C.138.*
17. *Ledenev N. Istoriya Semirechenskogo kazyachekogo voiska. Vernyi. 1908. -C. 39.*
18. *QR OMM qor 338, tizbe 1, ic 707, paraq 3, 5-7.*
19. *QR OMM. qor 374, tizbe, ic 3043, paraq 15-16, 71. qor 15, tizbe 1, ic 61, paraq 13.*
20. *QR OMM qor 338, tizbe 1, ic 573, paraq 10, 12, 40.*
21. *QR OMM qor 374, t. 1, ic 816, p. 2, 3.*
22. *Alekseenko N. V. Naseleniye do revoliucionnogo Kazakhstana. A., Science. 1981. - C. 63.*
23. *RF OOMM. qor 3, tizbe 2, ic 3314, paraq 26.*
24. *QR OMM qor 345, tizbe 1, ic 306, paraq 8, 36.*
25. *RF OOMM. qor 3, tizbe 3, ic 3874, paraq 22.*
26. *QR OMM qor 15, tizbe 1, ic 189, paraq 4.*